

Мухамбетова А.К.,
Чимгентбаева Г.К.,
Мунасипова М.Е.

**ҚР экономикасының жаңғырту
жағдайында инновациялық
белсенділікті микродеңгейде
зерттеудің теориялық
аспектілері**

Қазіргі Қазақстан бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өндіріс факторлары негізіндегі дамудан инновациялық экономиканы құруға көшуге бағдарланған. Алайда стратегиялық мақсаттарды тәжірибе жүзінде жүзеге асыру ең алдымен инновациялық қызметтің теориялық-методологиялық негіздерін қайта ойлау мен жетілдіруін талап етеді. Инновациялық процестер мен инновациялық белсенділікті басқару сұрақтары отандық және шетел әдебиеттерінде кеңінен қарастырылған. Дегенмен, кәсіпорынның инновациялық қызметі мен белсенділігі жайлы сұрақтармен байланысты негізгі түсініктерде ортақ көзқарас жоқтығы байқалады. Бұл әсіресе микродеңгейдегі инновациялық белсенділік мәселелеріне қатысты. Қазіргі уақытқа дейін экономикалық әдебиеттерде «инновациялық белсенділік» терминіне әр түрлі түсінік береді. Қазақстанда инновациялық белсенділіктің өсу үрдісі байқалады, алайда көптеген басқа шет елдермен салыстырғанда, өкінішке орай, республикамыздың кәсіпорындарындағы инновациялық белсенділік төменгі деңгейде. Осындай жағдай тез арада инновациялық қызметтегі кәсіпорын белсенділігіне кері әсер ететін факторларды жою шараларын іске асыруды қажет етеді.

Түйін сөздер: инновациялық белсенділік, инновациялық-белсенді кәсіпорын, инновациялар, инновациялық белсенділіктің деңгейі, инновациялық белсенділіктің факторлары, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі.

Mukhambetova L.K.,
Chimgentbayeva G.K.,
Munassipova M.E.

**Theoretical aspects of research
of innovative activity at the
microlevel in the conditions of
modernization of economy of RK**

Modern Kazakhstan for the purpose of increase of competitiveness is guided by transition from development on the basis of production factors to creation of innovative economy. But realization of strategic objectives in practice demands first of all reconsideration and development of theoretico-methodological bases of innovative activity. In Kazakhstan the tendency of growth of innovative activity of the enterprises is observed, however in comparison with many foreign countries innovative activity of the enterprises of the republic is, unfortunately, at a low level. Such situation demands acceptance of urgent measures for overcoming of the factors which are negatively reflected in activity of the enterprises in realization of innovative activity.

Key words: innovative activity, innovation-active enterprise, innovations, level of innovative activity, factors of innovative activity, competitiveness of the enterprises.

Мухамбетова А.К.,
Чимгентбаева Г.К.,
Мунасипова М.Е.

**Теоретические аспекты
исследования инновационной
активности на микроуровне
в условиях модернизации
экономики РК**

Современный Казахстан с целью повышения конкурентоспособности ориентируется на переход от развития на основе факторов производства к построению инновационной экономики. Но реализация стратегических целей на практике требует в первую очередь переосмысления и развития теоретико-методологических основ инновационной деятельности. В Казахстане наблюдается тенденция роста инновационной активности предприятий, однако по сравнению со многими зарубежными странами инновационная активность предприятий республики находится, к сожалению, на низком уровне. Такая ситуация требует принятия срочных мер по преодолению факторов, негативно отражающихся на активности предприятий в реализации инновационной деятельности.

Ключевые слова: инновационная активность, инновационно-активное предприятие, инновации, уровень инновационной активности, факторы инновационной активности, конкурентоспособность предприятий.

¹Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

²М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

³А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

*E-mail: lmuhambetova@mail.ru

**ҚР
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ
ЖАҢҒЫРТУ
ЖАҒДАЙЫНДА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
БЕЛСЕНДІЛІКТІ
МИКРОДЕНҒЕЙДЕ
ЗЕРТТЕУДІҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ
АСПЕКТІЛЕРІ**

Кіріспе

Кәсіпорын дамуының заманауи кезеңі, бір жағынан, кәсіпкерлік субъектілерінің экономикалық қатынастарға белсенді қосылу жағдайларымен, ішкі және сыртқы байланыстардың кеңеюімен, әлемдік нарыққа шығуымен сипатталады, ал екінші жағынан, өнімді жаңа технологияларды пайдалану арқылы шығару қажеттілігімен сипатталады. Бүгінгі Қазақстан өзінің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ұмтыла отырып, өндіріс факторлары негізіндегі дамудан, инновациялық негізде қалыптасатын дамудың едәуір тиімді формасына көшеді.

Инновациялық процестерді және инновациялық белсенділікті басқаруға қатысты сұрақтардың отандық және шетелдік әдебиеттерде едәуір кең қарастырылатынын айқындап кеткен жөн. Инновациялық процестерді басқарудың көптеген аспектілері келесі шетелдік ғалымдардың жұмыстарында зерттелді: Г. Ансофф, Питер. Ф. Друкер, Р. Зейлер, Ф. Ибботсон, Г. Менш, Б. Санто, М. Хучек, И. Шумпетер және т.б. Кәсіпорынның инновациялық қызметін зерттеуге Л. Абалкин, Ю. Арутюнов, Л. Бадалов, В. Баринов, И. Бланк, В. Варфоломеев, А. Гапоненко, С. Глазьев, А. Гретченко, А. Дынкин, Н. Кондратьев, Ю. Конов, В. Медынский, С. Остапюк, А. Тодосийчук, Р. Фатхутдинов, Н. Масленникова, Ю. Яковец және тағы басқаларының жұмыстары арналған. Қазақстандық ғалымдардан А. Ақчурин, А. Алимбаев, С. Алпысбаев, О. Баймуратов, Г. Гамарник, Г. Калиев, М. Кенжегузин, К. Кубаев және басқаларының жұмыстарын айқындауға болады.

Соған қарамастан, кәсіпорынның инновациялық қызметі және оның белсенділігі сұрақтарына байланысты негізгі ұғымдарда тәсілдердің бірыңғайлығы жоқ. Бұл уақытта инновациялық белсенділікті өсіру мәселелерінің күрделілігі және көп аспектілігі, сондай-ақ Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы жағдайларындағы маңызы күмән келтірмейді. Бұл әсіресе микроденгейге қатысты, себебі макроденгейдегі инновациялық белсенділік қарастырылған және әдебиеттерде аса кең көрсетілген. Кәсіпорынның инновациялық белсенділігін іске қоспай, отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін көтеру мәселесі шешілмейтіні

анық. Инновациялық белсенділікті зерттеушілер дербес ғылыми категория ретінде қарастырады. Алайда экономикалық әдебиетте «инновациялық белсенділік» ұғымы түсінігінің өзі бір мағыналы емес. Осылайша, зерттеушілердің көпшілігі инновациялық белсенділікті инновациялық қызметпен теңдестіреді. Бұл ретте қызмет еңбек, әрекеттердің жиынтығы ретінде түсінілетіндіктен, ал белсенділік әрекетті қатысу, әрекетті жағдайды болжамдайтындықтан, ұғымдардың әр түрлі болмысты мәнге ие екендігі ескерілмейді [1].

Талқылаудың нәтижесі

Кейбір зерттеушілер инновациялық белсенділікті жаңа технологияларды немесе жетілдірілген өнімдерді қалыптастыру мен шаруашылық айналымға тарту бойынша экономикалық субъектілердің жүзеге асыру интенсивтілігі ретінде қарастырады [2]. Бұл категорияның мәні

инновациялық белсенділіктің көмегімен инновациялық қызметтің сипаттамасы бағаланатынығында.

Басқа ғалымдар инновациялық белсенділікті жүзеге асырылатын әрекеттер мен олардың дер кезіндегі интенсивтілік деңгейін қосатын, фирманың инновациялық қызметінің жиынтық сипаттамасы ретінде қарастырады [3]. Сонымен қатар, О. Мельников инновациялық белсенділік ретінде тауар (қызмет) өндірушілердің жасампаз қызметін түсіну керек деп есептейді. Мамандардың шығармашылық энергиясының нәтижесі, процестердің немесе тауарлардың технико-технологиялық, экономикалық, ұйымдастырушылық, басқарушылық, әлеуметтік, психологиялық және басқа көрсеткіштерінің жаңашылдыққа үстелуі болып табылады [4].

«Инновациялық белсенділік» ұғымның ұсынылған түсіндірмесін жинақтау, берілген терминнің жалпы сипаттамаларын және негізгі анықтамаларын анықтау үшін жүргізілді.

1-кесте – «Инновациялық белсенділік» ұғымына ғалым-экономистердің көзқарастарын жинақтау

Автор	Анықтама
Абалкин Л.И.	Инновациялы-белсенді кәсіпорындарға коммерциялық пайда мен бәсекелестік артықшылықтарды алу мақсатында өндірісте қалыптастыру, игеру және нарыққа өнімдік, процестік, ұйымдастырушылық және басқарушылық жаңашылдықтарды енгізу бойынша динамикалық мақсатты бағытталған қызмет
Бухонова С.М., Дорошенко Ю.А.	Инновациялық ынтаны мобильдеуді ұйымдастыру қабілетіне негізделген инновациялық қызмет интенсивтілігінің жиынтық сипаттамасы
Жиц Г.И., Флегонтов А.А.	Жаңашылдықтарды жүзеге асыру бойынша оларды жүзеге асырудың интенсивтілігіне, жаңашылдық деңгейіне және басқа баламалы сипаттамаларына қатыссыз кәсіпорын әрекеттері; олар кәсіпорынның нарықтық ортада өз позициясын сақтап қалу немесе жақсартуға мүмкіндік береді
Мухамедшин И.С.	Тауар өндірушілердің инновациялық қызметті немесе оның жалпы және жекелеген түрлерін жүзеге асыруға қатысуы, яғни идеяның нарықта енгізілген жаңа немесе жетілдірілген өнімге, тәжірибелік қызметте қолданылған жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процеске немесе әлеуметтік қызметтерге деген жаңа тәсілге айналуына байланысты қызмет түрін жүзеге асыру
Мельников Б., Марковская М.	Ғылыми зерттеулер мен жобалардың нәтижелерін немесе өзге де ғылыми-техникалық жетістіктерді, жаңа немесе жетілдірілген өнім шығаруға, тәжірибеде қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген техникалық процестерді жүзеге асыруға бағытталған процесс
Сухарев О.С., Сесюнина Е.В.	Жаңашылдықты құру мен қолданудың табысты мүмкіндігін және ескірген технологиялардан дер кезінде босатылуын көрсететін инновациялық әлеуетті қолдану деңгейі
Трифилова А.А.	Шаруашылық айналымға жаңа технологияларды немесе жетілдірілген өнімдерді қалыптастыру мен тарту бойынша экономикалық субъектілердің қызметті жүзеге асыру интенсивтілігі
Янковский К., Мухарь И.	Инновациялық белсенділік әлеуметті-экономикалық жүйенің инновациялық қабылдауымен, яғни жаңашылдықты тез әрі тиімді игеру қабілетімен байланысты

1-кестедегі мәліметтерге сәйкес, көптеген авторлар инновациялық белсенділікті тұрақсыз нарықтағы кәсіпорындардың инновациялық әлауқатын жұмылдыру және инновацияны енгізу қарқынына орай сипаттайды.

Біздің ойымызша, инновациялық белсенділікті, кәсіпорын субъектілерінің инновациялық, интеллектуалды, ресурстық және басқа да әлеуетті жұмылдыру қабілетіне қорытындыланатын және инновацияларды қалыптастыру,

ендіру және таралуы бойынша жүзеге асырылатын қызметтердің қарқындылығы мен күш дәрежесін білдіретін, инновациялар қызметінің кешенді сипаттамасы ретінде қарастыру керек.

Бұл инновациялық белсенділікті тек қана инновациялық қызметке тән динамикалық сипаттама екендігі жайлы айтады. Ол өзіне қызметтің әр түрлі аспектілері бойынша кәсіпорын көрсеткіштерінің өзгеру қарқынын және инновациялық қызметке әр түрлі ресурстар шығынының өзгеріс қарқынын қосады.

Инновациялық белсенділік компанияның ішіндегі процестерді жақсартуға бағытталған эндогенді сипатта болуы мүмкін. Мұнда сөз әлеуметтік және басқарушылық инновациялар туралы болып табылады. Немесе инновациялық белсенділік экзогенді болуы және өндірілетін өнімнің соңғы тұтынушыларына бағытталуы мүмкін (өнімдік, процестік инновациялар).

Көптеген зерттеулер нәтижелері инновациялық қызметтермен белсенді айналысатын кәсіпорындардың табысы жоғары болатындығын және дамудың көп мүмкіндігіне ие екендігін растайды. Экономиканың жоғары бәсекелестік секторларында кәсіпорындар тұтынушылар сұранысын қанағаттандыру үшін ең тиімді жолын іздеуге, нарыққа жаңа өнімдер енгізуге мүдделі. Осылайша, инновациялар бизнес табыстылығының және бәсекеге қабілеттілігінің негізгі өсу факторы болады, ал инновациялық белсенділік кәсіпорын табыстылығының маңызды факторы ретінде шығады. Кеңінен алғанда, инновациялық белсенділікті, елдің бәсекеге қабілеттілігін өсірудің ресурсы ретінде және кәсіпорынның, салалардың, аймақтардың және жалпы ел қызметінің тиімділігін өсіру үшін арналған бағыттарды анықтау құралы ретінде қарастыруға болады [5].

Соңғы жылдары тек қана статистикада ғана емес, нақты экономикалық зерттеулерде, инновациялық белсенді кәсіпорын термині кеңінен таралуда. Алайда, бұл ұғымды өндірістік объектінің түрі ретінде түсіндіруге болады және жіктеу өлшемдері қандай да көптеген зерттеулер артта қалып отыр.

Бірқатар зерттеулердің нәтижесіне сәйкес, егер кәсіпорындар есептік жыл ішінде инновацияға шығындалса, оны инновациялық белсенді деп есептеуге болады [6]. Басқа зерттеушілер инновациялық белсенді кәсіпорынды, инновацияға мүмкіндігі бар және оны жүзеге асырушы ретінде анықтайды [7]. Үшіншілері инновациялық белсенді кәсіпорынға жаңа өнім, жаңа (жетілдірілген) технологиялық процес-

терді, сондай-ақ инновациялық өнімді және өзге де инновациялық қызметтерді жүзеге асыруды жатқызады. Яғни, инновациялық белсенді кәсіпорындар өз өнімдерін таратумен және коммерцияландырумен айналысулары керек.

Зерттеушілердің төртінші тобы «инновациялық белсенді кәсіпорын» анықтамасына уақыт факторын енгізеді. Осылайша, олардың ойынша, инновациялық белсенді кәсіпорын – бұл соңғы үш жылда аяқталған инновациялары бар кәсіпорын, яғни нарыққа енгізілген жаңа немесе жетілдірілген өнімдері; нарыққа енгізілген жаңа немесе жетілдірілген қызмет немесе оларды өндіру (тарату) әдістері; тәжірибеде қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген өндірістік процестер. Отандық статистикалық тәжірибеде инновациялық белсенді кәсіпорынға соңғы үш жыл ішінде, көлеміне, инновациялық процесс кезеңіне, аяқталу деңгейіне қарамастан, инновацияға шығындалған кәсіпорындарды жатқызады [8].

Мысалы, А. Куприн және В. Жук кәсіпкерлік құрылымның инновациялық белсенділігі ретінде оның инновациялық қызметінің кешенді сипаттамасын, жаңашылық қабылдау қабілетін, инновацияларды трансформациялаудағы қарқындылық деңгейін, жеделдігін және өндірілген өнім (қызмет) сапасына қол жеткізу үшін инновациялық бизнес-құрылымдардың әлеуетін жұмылдыру қабілетін және де осы процестердің жасырын жақтарын: әдістерінің жарамдылығын, оның құрамы туралы технологиялық инновациялық процестің ұтымдылығын, дәйектілігін және т.б. түсінуді ұсынады [9].

Осымен қатар, қазіргі замандағы кәсіпорындарды инновациялық белсенділер қатарына жатқызуға болатынына басқа да көзқарастар бар, егер:

- 1) кәсіпорын жаңа немесе едәуір жаңартылған өнімді (қызметті, технологияны) ұсынатын болса;
- 2) белгілі бір инновациялық жобаны жүзеге асырса;
- 3) ұзақ мерзімді инновациялық қызметті атқаратын болса (іргелі зерттеулерді жүргізу, технологиялық процестерді игеру);
- 4) өзінің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүргізуге, персоналды оқытуға, жаңа білімді, машиналар мен құрылғыларды сатып алуға қаражаттарды инвестициялайтын болса;
- 5) ғылыми-зерттеу ұйымдармен және өзге кәсіпорындармен бірлескен инновациялық жобалар мен жұмысты жүзеге асырса [10].

Сонымен қатар, инновациялық белсенді болып тек қана технологиялық және өнімдік жаңашылдық енгізіп, оларды кең таратып коммерциялық үлкен нәтижеге қол жеткізген кәсіпорындар ғана емес, патент пен лицензияларды сатып алу негізінде, жаңашылдықтар енгізетін кәсіпорындар да жатады.

Айтып кететін жайт, инновация тек қана өнертабыстармен, техникалық шешімдермен ғана емес, әлеуметтік өзгерістермен де анықталады. Осыған байланысты инновациялық белсенді кәсіпорын ретінде, реинжинирингпен айналысатын, персоналмен жұмыс істеудің прогрессивті жұмыс жүйесін енгізетін, өнімді нарыққа жылжытатын жаңа технологиялар және т.с.с. есептеуге болады. Бұл ретте өзінің маңызды әсері бойынша әлеуметтік инновациялар технологиялық инновациялармен сәйкес болуы мүмкін.

Біздің көзқарасымыз бойынша, «инновациялық белсенді кәсіпорын» категориясының мазмұнды жағын толықтыру мақсатында, оған келесідей анықтама беруге болады: инновациялық белсенді кәсіпорын – бұл соңғы үш жыл ішінде инновациялық жаңашылдықты қалыптастыруды жүзеге асыратын, яғни жаңа (жетілдірілген) өнім, қызметтер, әрі қарай тарату технологиясымен коммерцияландыру және инновациялық қызметтің өзге де түрін жүзеге асырған, инновациялық қызметте өзінің зерттеулеріне, қызметкерлерді оқытуға ақша бөлген; инновациялық қызметті жүзеге асыру барысында өзге кәсіпорындармен, ғылыми-зерттеу ұйымдармен әлеуметтік серіктестік құрған кәсіпорын болып табылады.


Шынында, біздің ойымызша, ұсынылған «инновациялық белсенді кәсіпорын» терминінің анықтамасы қосымша нақтылықты қажет етеді:

1) инновациялар ретінде тек қана микроэлектроника саласындағы жетістіктерді, ақпараттық технологиялар, биотехнология, гендік инженерия, энергияның жаңа нысандарын, материалдар, ғарыштық технологиялар, спутниктік байланыстар, нанотехнология салаларындағы жетістіктерге сүйенетін, бесінші және одан жоғары технологиялық жолмен ең заманауи талаптарға сай техникалар, технологиялар мен өнімдерді енгізу нәтижелерін ғана түсіну қажет;

2) мұндай тәсіл шеңберінде инновациялық белсенді ретінде жеке немесе шағын сериялы өндірісті емес, ірі сериялы және ауқымды өндіріске дейін жоғарылай алатын орта сериялы өндірісті түсіну керек;

3) инновациялық қызмет нәтижелері ішкі және халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті болулары тиіс, оның критерийі ретінде сәйкесінше өнім-инновациялардың және процесс-инновациялардың өсіп келе жатқан үлесі болып табылады.

Белгілі бір кезең аралығында жалпы инновациялық қызметті немесе оның жеке түрлерін жүзеге асырудағы кәсіпорынның қатысу деңгейін инновациялық белсенділік деңгейі деп атайды. Әдетте, кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі ел, салалық немесе аймақтағы белгілі бір кезең ішінде сұралған кәсіпорындардың жалпы санына, кәсіпорындардың инновациялық қызметінің кез келген түрлерін жұмыспен инновацияға – белсенді санының қатынасы ретінде анықталады.



1-сурет – Қазақстанның кәсіпорындарындағы инновациялық белсенділік деңгейінің динамикасы, %

1-суретке сәйкес, 2010 жылдан бастап, Қазақстанда кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейінің тұрақты өсуі байқалады. Бұл ретте 2012-2014 жылдары инновациялық белсенділік деңгейін анықтау барысында, өнімдік, технологиялық, ұйымдастырушылық және маркетингтік инновацияларды ескере бастады. Бірақ соған қарамастан, әлемдік стандарттар бойынша Қазақстандағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі төмен деңгейде.

Кәсіпорынның инновациялық белсенділігін бағалау инновациялық саясатты түзетумен байланысты басқару шешімдерін қабылдау үшін негіз болып табылатынын атап өткен жөн. Сонымен қатар, мұндай бағалау инновациялық өндеулерге сырттай инвестициялауды жүзеге асыру үшін, жеке кәсіпорындардың тартымдылығына салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның инновациялық белсенділігінің едәуір айырмашылықтары олардың аймақтық тиістілігіне қарай байқалады. Бұл аймақтардағы инновациялық инфрақұрылымдардың біртектілігімен, аймақтардың ғылыми-техникалық, еңбек, кадрлық және басқа ресурстармен қамтамасыз ету айырмашылықтарымен байланысты.

Отандық тәжірибеде өңірлердің инновациялық қызмет дәрежесін анықтау барысында кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі, инновациялық өнімдер мен қызметтер көлемі, жалпы өңірлік өнімнің инновациялық өнімнің үлесі, зерттеулер мен өндеулерге ішкі шығындар, өндірістегі технологиялық инновацияларға шығындар сияқты көрсеткіштер қарастырылады.

Ағымдағы статистикалық байқауда кәсіпорындардың инновациялық белсенділік дәрежесі ішкі және сыртқы болып екіге бөлінетін, олардың зерттеулер мен өндеулерге жұмсалатын шығындарынан анықталынады. Біздің ойымызша, қосымша келесі жіктеулерді пайдаланған жөн:

- негізінен берілген кәсіпорынмен құрылған инновациялар;
- басқа да ұйымдармен бірігіп құрылған инновациялар;
- негізінен басқа ұйымдармен құрылған инновациялар.

Инновацияны негізінен кәсіпорынның өзімен қалыптастыруы барысында басқа ұйымдардың (физикалық тұлғалардың) консультативтік, консалтингтік сипатта қызмет көрсету түрі бойынша минималды қатысуы мүмкін. Инновацияны басқа ұйымдармен бірігіп қалыптастыру кәсіпорынның өзімен, сондай-ақ басқа да ұйымдармен едәуір шамада инновациялық процесті

жүзеге асыруын болжамдайды. Негізінен басқа ұйымдармен инновацияны құру деп келісімшарт негізінде бұл кәсіпорын үшін ғылыми ұйымдармен, жоғары оқу орындармен зерттеулердің және өндеулердің орындалуын білдіреді. Бұл кәсіпорынның қатысуы минималды болуы және нақты шарттарға өндеулерді үйретумен, технологиялық айырбас (патенттік және патентсіз лицензиялар) жолымен жаңа технологияларға ие болумен шектелуі мүмкін.

Кәсіпорынның инновациялық белсенділігінің деңгейін анықтау барысында келесі факторларды талдайды: инновациялық қызмет үшін ресурстардың болуы; бәсекелестердің инновациялық іс-әрекетіне әсер ете алуы; кәсіпорын жұмыс істеп отырған саланың даму тенденциясын ескеру; менеджменттің ғылыми-технологиялық революция даму бағытын түсінуге және болжауға қабілеті; кәсіпкерлік мінез-құлық сипатына әсер ететін кәсіпорынның құрылымдық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері; бизнес-бастамаларды іске асыру бойынша шешімдер қабылдауға басшылықтың қабілеті [11].

Кәсіпорынның мөлшері инновацияны жүзеге асыру үшін қаржы және адам ресурстарын топтау қабілетіне әсер етеді деп саналады. Басқа да тең жағдайларда, фирманың көлемі үлкен болған сайын, өндірістік ресурстардың бір бөлігін инновациялық салаға бұрып жіберу мүмкіндігі де көп болады. Алайда, анықталғандай, кәсіпорын мөлшерінің оның инновациялық белсенділік деңгейіне әсер ету жайлы мәліметтер қайшы болып табылады.

Осылайша, кейбір зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, 2000-нан астам адам жұмыс істейтін ірі кәсіпорындар аса жоғары инновациялық белсенділікпен сипатталады. Және бұл түсінікті, себебі олар технологиялық инновацияларды жүзеге асыру үшін айналым құралдарын қолдану мүмкіндігіне ие, көбінесе өздерінің ғылыми және жобалық-конструкторлық бөлімдерін пайдаланады. Бұл ретте ірі кәсіпорындардың жартысынан көбісі анау немесе басқа инновацияларды жүзеге асырады. Жиі түрде ірі корпорациялар олардың басшыларын арнайы «инкубаторлы бағдарламаларда» өсіре отырып, шағын инновациялық фирмалар желісін құрайды. Мұндай ұйымдар «фирма-инкубатордың» ұйымдастырушылық формасына ие.

Басқа зерттеулердің нәтижесі бойынша, инновацияны енгізу үшін едәуір қолайлы мүмкіндіктер орта кәсіпорындарға ие, себебі аса үлкен емес кәсіпорында шығындарды минималдауға, жұмыс істеушілердің санын реттеуге, күштің қа-

жетті көлеміне жету оңай. Сонымен қатар кәсіпорын көлемі инновациялық белсенділіктің ауқымына және сипаттамасына әсер етпейді деген

мәліметтер бар. Бұл жағдайда, эмпирикалық базаның жеткіліксіздігі түпкілікті қорытынды шығаруға мүмкіндік бермейді.

2-кесте – Қазақстандағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін тежейтін факторлар

Факторлар тобы	Инновациялық белсенділікті тежейтін факторлар
Құқықтық	Заңнаманың және институционалдық қамсыздықтың жетілмегендігі; инновацияны қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларының шектеулігі
Технологиялық	Ғылыми-техникалық жетістіктерге жетудің күрделілігі; қор күштерінің болмауы; ағымдағы өндіріс қызығушылықтарының басым болуы
Ұйымдастырушылық-басқарушылық	Кәсіпорынның тұрақталған ұйымдастырушылық құрылымы; артық орталықтандыру; барлық деңгейдегі менеджерлердің консервативтілігі және инерттілігі; қолданыстағы нарықтарға бағытталу; инновациялық процестер қатысушыларының қызығушылықтарын келісу күрделілігі; білікті мамандардың жетіспеушілігі
Экономикалық	Инновациямен байланысты жоғары тәуекелдер; инновациялық жобалардың өтелуінің ұзақ мерзімі; қаржыландыру үшін қаражаттың жеткіліксіздігі; несиеленудің қолайсыз жағдайлары
Әлеуметтік -мәдени	Креативті құраушының қызметте төмендеуі; белгісіздіктен қорқу және статус өзгерісі; тәуекелдерден қашуға ұмтылу

2-кестеге сәйкес, кәсіпорынның инновациялық белсенділігін тежейтін факторлар – құқықтық, технологиялық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени топтарға бөлінген. Кәсіпорынның инновациялық белсенділігінде теріс көрінетін факторлар, барлық посткеңестік елдерге тән екендігі анықталды [12].

Қорытынды

Инновациялық салада секіруге кедергі жасайтын негізгі факторлар төмендегідей болып табылады:

1. Кәсіпорындарда ескірген жабдықтарды (басым түрде ІІІ технологиялық тәртіпті) пайдалану. Технологиялықтың төмендігі ел өнеркәсібінің еуропа елдерінің өндіріс еңбегінің деңгейінен артта қалуының негізгі себебі болуда.

2. Жабдықтаудың физикалық тозу деңгейінің жоғары болуы. Бұл заманауи технологияларды игеруге, қосылған құнның жоғары үлесі бар өнім өндіруге мүмкіндік бермейді, экспорттық әлеуетті нығайтуды тежейді және сыртқы нарықта өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етеді.

3. Кәсіпорындарында өз қаражатының жеткіліксіз болуы, инновацияның жоғары құны және банк кредиттері бойынша пайыздық ставкалардың жоғары болуы.

4. Инновациялық қорлардың қаражаттары жәй рационалды емес және мақсатсыз пай-

далану, инновациялық қызметті венчурлік қаржыландырудың дамымауы, инвестицияны қайта сақтандыру механизмінің болмауы.

5. Озық технологиялар мен инновацияларға ішкі нарықта сатып алу қабілетінің шектеулігі, экономиканың шынайы секторы жағынан ғылыми-техникалық қызметтің келешек нәтижелеріне сұраныстың төмен болуы, қалыптасқан инновациялық өнім нарығының болмауы.

6. Кәсіпорынның басшылығы мен қызметкерлері тарапынан инновацияға қарсылық, инновациялық процестің барлық кезеңдерін жүзеге асыру үшін білікті мамандардың жетіспеушілігі.

7. Инновациялық қызмет саласындағы заңнамалық базаның жетілмегендігі. Сондай-ақ қаржылық лизинг механизмнің құқықтық тұрғысынан жұмысқа қабілетсіз болуы; өнертапқыштық қызметте авторлықты мойындау сұрағының шешілмегендігі.

8. Инновациялық процестерді басқаруда бағдарламалық-мақсатты тәсілдің басым болуы, бұл республикалық және жергілікті басқару органдарының және кәсіпорынның өзінің арасында қарама-қайшылықты тудырады, кәсіпорынның қызығушылығын төмендетеді.

9. Кәсіпорында басқарудың икемсіз ұйымдастырушылық құрылымдары (басым түрде сызықтық-функционалдық) және сәйкесінше, шешім қабылдаудың ескірген әдістері. Көптеген кәсіпорындарда тікелей инновациялық қызметпен айналысатын бөлімдердің болмауы.

10. Ғылыми-зерттеу ұйымдарының, білім беру мекемелерінің, өндірістік кәсіпорындар мен инновациялық инфрақұрылым объектілерінің арасындағы әлсіз байланыстар.

11. Технологиялық жаңашылдықтарды коммерциялаудың заманауи механизмдерін жеткіліксіз тарату және оларды нарыққа шығару, инновациялық өнім нарығының баяу қалыптасуы.

Және бұл отандық кәсіпорындарда инновациялық процестердің дамуына тосқауыл

әсер көрсететін «тар жерлердің» толық тізімі емес екендігін байқаған жөн. Қазақстандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін көтеру үшін отандық экономиканың инновациялық-технологиялық секторын дамытуды ынталандыру бойынша дереу бірқатар шараларды қабылдау қажет екендігі түсінікті. Тек сол кезде ғана экономикалық өсімнің жоғары қарқындарына жету және ұлттық бәсекеге қабілеттілікті өсіру мүмкін болады.

Әдебиеттер

- 1 Большой экономический словарь / под ред. А.Б. Борисова. – М.: Книжный мир, 2000. – 895 б.
- 2 Трифилова А. Управление инновационным развитием предприятия. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 176 б.
- 3 Гунин В. Управление инновациями: 17-модульная программа для менеджеров «Управление развитием организации». – М.: ИНФРА-М, 1999. – 328 б.
- 4 Мельников О., Шувалов В. Инновационная активность как фактор повышения конкурентоспособности предприятия // Российское предпринимательство. – 2005. – № 9 – Б. 100-104.
- 5 Бухонова С.М., Дорошенко Ю.А. Методика оценки инновационной активности организации // Экономический анализ: теория и практика. – 2005. – № 34. – Б. 35-42
- 6 Инновации в России: анализ.- стат. сб. / под ред. Л.Э. Миндели / Центр исследований проблем развития науки РАН. – М.: Наука, 2006. – 254 б.
- 7 Шамина Л.К. Инновационный потенциал предприятия // Инновации. – 2007. – № 1. – Б. 58-60.
- 8 Казахстан в 2013 году: Статистический ежегодник на казахском и русском языках / под ред. Смаилова А.А. – Астана: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2014. – 487 б.
- 9 Куприн А., Жук В. Формирование и развитие процесса управления инновациями с целью повышения эффективности предпринимательской деятельности // Общество-среда-развитие. – 2013. – № 1. – С. 28-32
- 10 Инновационный путь развития для новой России / Отв. ред. В.П. Горегляд; Центр социально-экономических проблем федерализма Института экономики РАН. – М.: Наука, 2005. – 343 б.
- 11 Дынкина А.А., Иванова Н.И. Инновационная экономика: монография. – 3-е изд., исправленное и дополненное. – М.: Наука, 2011. – 352 б.
- 12 Меллер Я.А. Основные факторы, препятствующие повышению инновационной активности белорусских предприятий // Матер. междунар. науч.-практ. конф.: Инновационные процессы и корпоративное управление. – Минск: БГУ, 2014. – С. 115-124.

References

- 1 Bol'shoj jekonomicheskij slovar' / pod red. A.B. Borisova. – M.: Knizhnyj mir, 2000. – 895 b.
- 2 Trifilova A. Upravlenie innovacionnym razvitiem predpriyatija. – M.: Finansy i statistika, 2003. – 176 b.
- 3 Gunin V. Upravlenie innovacijami: 17-modul'naja programma dlja menedzherov «Upravlenie razvitiem organizacii». – M.: INFRA-M, 1999. – 328 b.
- 4 Mel'nikov O., Shuvalov V. Innovacionnaja aktivnost' kak faktor povyshenija konkurentosposobnosti predpriyatija // Rossijskoe predprinimatel'stvo. – 2005. – № 9 – B. 100-104.
- 5 Buhonova S.M., Doroshenko Ju.A. Metodika ocenki innovacionnoj aktivnosti organizacii // Jekonomicheskij analiz: teorija i praktika. – 2005. – № 34. – B. 35-42
- 6 Innovacii v Rossii: analit.- stat. sb. / pod red. L.Je.Mindeli. Centr issledovanij problem razvitija nauki RAN. – M: Nauka, 2006. – 254 b.
- 7 Shamina L.K. Innovacionnyj potencial predpriyatija // Innovacii. – 2007. – № 1. – B. 58-60
- 8 Kazahstan v 2013 godu. Statisticheskij ezhegodnik na kazahskom i russkom jazykah / pod red. Smailova A.A. – Astana: Agentstvo Respubliki Kazahstan po statistike, 2014. – 487 b.
- 9 Kuprin A., Zhuk V. Formirovanie i razvitie processa upravlenija innovacijami s cel'ju povyshenija jeffektivnosti predprinimatel'skoj dejatel'nosti // Obshhestvo-sreda-razvitie. – 2013. – № 1. – B. 28-32
- 10 Innovacionnyj put' razvitija dlja novoj Rossii / Otv. red. V.P. Goregljad; Centr social'no-jekonomicheskikh problem federalizma Instituta jekonomiki RAN. – M.: Nauka, 2005. – 343 b.
- 11 Dynkina A.A., Ivanova N.I. Innovacionnaja jekonomika. Monografija. – 3-e izd., ispravlennoe i dopolnennoe. – M.: Nauka, 2011. – 352 b.
- 12 Meller Ja.A. Osnovnye faktory, prepjatstvujushhie povysheniju innovacionnoj aktivnosti belorusskikh predpriyatij // Mater. mezhdunar. nauch.-prakt. konf.: Innovacionnye processy i korporativnoe upravlenie. – Minsk: BGU, 2014. – B. 115-124.